

*«2020 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы»
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау
жөніндегі есеп комитетінің есептерін қарау бойынша
ҚР Парламенті Сенатаның пленарлық отырысындағы
ҚРҰБ баяндамасы
Нұр-Сұлтан, 2021 жыл, 17 маусым*

Құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті депутаттар!

Әлемдік және ұлттық экономика 2020 жылы коронавирус пандемиясы тараған тұста **терең дағдарысқа** ұшырады. Енгізілген локдаундар мен қатаң карантиндік шаралардың салдарынан, Қытайды қоспағанда, бүкіл әлемде экономикалық белсенділік айтарлықтай әлсіреді.

Халықаралық Валюта Қорының бағалауы бойынша, әлемдік ішкі жалпы өнімнің жалпы төмендеуі 2020 жылы **3,3%** болды.

Осы жағдайларда Қазақстанда іскерлік белсенділікті және жұмыспен қамтуды қолдау үшін Мемлекет басшысының бастамаларымен Үкімет пен Ұлттық Банк ішкі жалпы өнімнің **9%-ы (6,3 трлн теңге)** мөлшерінде **бұрын-соңды болмаған дағдарысқа қарсы шаралар топтамасын** қабылдады, оның **2,3 трлн теңгесін** Ұлттық Банк қаржыландырды. **Экономиканың зардап шеккен секторларындағы кәсіпорындарды қолдау үшін, халықтың іскерлік белсенділігі мен жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін, импортқа тәуелділікті төмендетіп, азық-түлік қауіпсіздігін арттыру үшін, сондай-ақ «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін қаражат бөлінді.**

2020 жылы дер кезінде қабылданған шараларға байланысты Қазақстан экономикасы **2,6%-ға** қысқарды, бұл халықаралық ұйымдардың бастапқы бағалауынан төмен.

Биылғы **2-тоқсаннан бастап** ұлттық экономика өсудің оң аймағына шықты, осы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша, ішкі жалпы өнімнің өсу қарқыны **1,6%-ды** құрады. Қызмет көрсету секторының жандана түсуі, экономиканың өндірмейтін секторларында жоғары инвестициялық белсенділіктің сақталуы экономиканы қалпына келтіруге ықпал етіп отыр.

Қалыптасқан жағдайларға қарап ақша-кредит саясатын жүргізген Үкімет пен Ұлттық Банктің **үйлесімді іс-әрекеті** арқасында 2020 жылы іскерлік белсенділік қолдау тауып, 2021 жылы экономиканы қалпына келтіруге жағдай жасалды.

1. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету аясында 2020 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, инфляция **8-8,5%** шегінде ұсталып, **7,5%** болды.

Қазақстанда, сол сияқты негізгі сауда әріптестері саналатын елдерде төтенше жағдай режимі мен карантин шараларының қолданылуы жағдайында жеткізу тізбектерінің бұзылуы, сондай-ақ тауарлардың жекелеген топтарына сұраныстың артуы салдарынан азық-түлік бағасының **11,3%-ға** көтерілуі 2020 жылы инфляцияның өсуіне ықпал етті. Инфляция құрылымында азық-түлікке жатпайтын тауарлар 2020 жылы **5,5%-ға**, ақылы қызметтер **4,2%-ға** қымбаттады.

2020 жылдың маусым айынан бастап әлемде азық-түлік бағасының тоқтамастан өсуі – инфляцияның күш

алуына кәдімгідей үлес қосты. Соның әсерінен осы жылдың мамыр айында Біріккен Ұлттар Ұйымының ФАО индексі 10 жылдық максимумға – **127,1** тармаққа жетті.

Жылдық инфляция **биыл жыл басында 7,0%** деңгейінде тұрақтанған соң мамырда **7,2%**-ға дейін жылдамдады. **Азық-түлік тауарлары** бағасының өсуі баяулағаннан болған әсер **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** мен **ақылы қызметтер** бағасының айтарлықтай өсуімен теңестірілді.

Азық-түлік инфляциясы 2020 жылғы жоғары инфляциялық базаны есептен шығарудан, нан-тоқаш өнімдеріне, ет, жеміс-жидек пен көкөністерге деген бағаның өсуі бәсеңдегеніне қарай биыл мамырда **11,3%**-дан **9,3%**-ға дейін **баяулады**. Сонымен қатар жекелеген тауар нарықтарында бағаларға әсер ететін **теңгерімсіздік** те сақталып қалып отыр.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция киім-кешек пен аяқ киім бағасының **5,9%**-ға, **бензин** бағасының **12,7%**-ға дейін өсу қарқынының жеделдеуіне байланысты **6,7%**-ға дейін жылдамдады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық өсу қарқынының жылдамдауы тұтынушылық сұраныс пен іскерлік белсенділіктің біртіндеп қалпына келуі аясында импорттық бағаның өсуіне байланысты орын алды. Соның әсерінен азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуіне **жанар-жағармай материалдарының, киім-кешек пен аяқ киімнің** қосқан үлесі осы жылғы ақпан айындағы **1,7 пайыздық тармақтан** мамыр айындағы **3,5 пайыздық тармаққа** дейін 3 айда **2 есе өсті**.

Биылғы мамырда халыққа **ақылы қызмет көрсету бағасы 5,1%**-ға өсті, негізінен ол **электр қуатына, тұрғын үй**

коммуналдық шаруашылық қызметтеріне және әуе қатынасы бағаларының өсуінен байқалды.

Біздің болжамымыз бойынша, 2021 жылдың соңына қарай жанар-жағар май материалдары мен электр қуаты бағасының өсуі, фискалдық ынталандырудың барынша күшеюі және инфляциялық күтулердің артуы ескерілгендегі инфляция **нысаналы дәлізден 40-50 базистік тармаққа жоғары қалыптасуы мүмкін.**

Инфляция қалыптасуының негізгі факторлары тұрақты сипатқа ие емес. **Биыл проинфляциялық факторлар тарапынан тәуекелдер іске асырылған жағдайда** Ұлттық Банк **ақша-кредит талаптарын күшейту** жөнінде шешім қабылдайтын болады.

2022 жылы дүниежүзілік азық-түлік нарықтарының тұрақтануына байланысты сауда серіктес елдеріндегі бағаның өсу **әсері сарқылып**, сыртқы инфляциялық қысым да әлсірейді деген болжам бар, бұл **Қазақстандағы инфляцияның 6% мақсатты дәлізге енуіне** ықпал етеді. Ал, **монетарлық талаптар** инфляция бәсеңдеген сайын орта мерзімді перспективада **бейтарап мәндерге** бейім болады.

2. ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

2020 жылы **төлем балансының** ағымдағы шот тапшылығы **6,3 млрд АҚШ** долларын құрады. 2019 жылы бұл көрсеткіш 7,3 млрд АҚШ долларына теңескен болатын. Ағымдағы шоттың теріс сальдосы **1 млрд АҚШ** долларына қысқаруы, бірінші кезекте, шетелдік инвесторларға төленетін кірістің қысқаруына, сондай-ақ кірістерді бөлу жөніндегі дауды

реттеу аясында Қарашығанақ консорциумына қатысушылардан валютаның әкелінуіне байланысты болды.

Осы жылғы 1-тоқсанда төлем балансының **ағымдағы шоты 1,2 млрд АҚШ доллары** тапшылығымен қалыптасты. Импорт ағынының ұлғаюы кезінде тауарлар экспортының төмендеуі тапшылықтың негізгі себебі болып табылады.

Жалпы экспортта үлесі **48,5%** құраған мұнай экспортын қысқарту есебінен тауарлар **экспорты 2,9 млрд АҚШ долларына** төмендеді. Бұл төмендеу 2020 жылы 4-тоқсанда мұнайдың салыстырмалы түрде төмен бағасына байланысты болды, бұл ресми статистикада мұнай **экспортын есепке алу ерекшеліктеріне** байланысты 2021 жылы 1-тоқсандағы экспортта көрініс тапты.

Азық-түлікке жатпайтын тұтыну және инвестициялық тауарлардың жеткізілуін ұлғайту есебінен импорт **4,8%-ға** өсті. Тауарлар импорты іскерлік белсенділік пен кейінге қалдырылған ішкі сұраныстың қалпына келуі аясында өсіп келеді. Импорттың ең көп өсуі автомобиль, киім-кешек және компьютер сияқты тауарларды әкелуде байқалады.

Құрметті депутаттар!

Әлемде **іскерлік белсенділіктің қалпына келуі** дамыған елдер тарапынан ауқымды фискалдық ынталандыруға байланысты. Сонымен қатар сұраныстың жедел өсуі ұсыныстың қалпына келу қарқынынан озып отыр, бұл **көптеген тауар нарықтарында тапшылық тудырады және бағаларға деген қысымды күшейтеді**. Мұндай жағдайда орталық банктер инфляцияның өсуіне және инфляциялық күтулерге байланысты ақша-кредит талаптарын қайта қарай бастайды.

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы ахуалды мұқият қадағалауды жалғастырады. Жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты аясында Ұлттық Банк Үкіметпен белсенді ынтымақтаса отырып, 2021 жылы ұлттық экономиканы қалпына келтіру және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құралдарды пайдаланады.

Назарларыңызға рақмет!